

2014 жылдың қаңтарынан бастап наурызға дейін Қазақстан Республикасы ер азаматтарының Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының аумағында тіркеуін және медициналық куәландырылуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімінің 2013 жылғы 5 желтоқсандағы N 19 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 желтоқсанда N 2426 болып тіркелді

Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімінің аппараты 28.11.2014 N 11.1.2-1002 хаты).

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 16-бабына, «Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. 2014 жылдың қаңтарынан бастап наурызға дейін тіркеу жылы 17 жасқа толатын Қазақстан Республикасы ер азаматтарының «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің әскерге шақыру учаскесінде (келісім бойынша) тіркеуі және медициналық куәландырылуы ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімінің орынбасары Е.М. Бекшеновке жүктелсін.

3. Осы шешім оны алғашқы рет жариялағаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімі	В.	Бубенко
«Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы	А.	Хорошенко

2013 жылғы 5 желтоқсан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК